


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және білім алушылардың қазақстандық патриотизм сезімін нығайту мақсатында ағымдағы 2022 жылдың 21 қаңтарында «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Адал ұрпақ» клубының мүшелері, «Күншуақ» мектеп парламенті, ұйымдастырушы педагог Доцанова Ақзираның жетекшілігімен 9 сынып білім алушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сахналық қойылым байқауы болып өтті. Аталған шараны өткізу барысында санитарлық талаптар ескерілді. Қойылымда білім алушылар қазіргі елде орын алатын сыбайлас жемқорлық көріністерін сомдады. Екі сыныптың білім алушылары тақырыпқа сай өте жақсы сахналық қойылым дайындаған. Дей тұрғанмен 9ә сынып білім алушыларының сахнада өздерін ұстаулары, ролдерді сомдаулары, сөйлеу мәдениеттері басымырақ болды. Байқауға қатысқан сыныптар гимназия директорының «Мақтау қағаздарымен» марапатталды.





Орындаған: Жасаганбергенова Б